

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Басқармасының
2021 жылғы «29» желтоқсандағы
№ 77 хаттамасына
№ 16 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Басқармасының
2021 жылғы «29» желтоқсандағы
шешімімен (№77 хаттама) бекітілген

**Экспорттаушыларға сақтандыру қолдауын көрсету кезіндегі
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының
экологиялық және әлеуметтік саясаты
(2025 жылғы 31 қаңтардағы өзгерістермен)**

Нұр-Сұлтан, 2021 жыл

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы
№370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 зрк от 7 января 2003 года №370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой
подписи», равнозначен документу на бумажном носителе.

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	Экспорттаушыларға сақтандыру қолдауын көрсету кезіндегі «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының экологиялық және әлеуметтік саясаты
ІНҚ иесі	Халықаралық ынтымақтастық департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату
Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:	
«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы шешіміне сәйкес № 1 өзгерістер мен толықтырулар енгізілді	2023 жылғы «18» тамыздағы № 56
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 14 маусымдағы шешіміне сәйкес № 2 өзгерістер енгізілді	2024 жылғы «14» маусымдағы № 54
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Басқармасының 2025 жылғы 31 қаңтардағы шешіміне сәйкес № 3 өзгерістер енгізілді	2025 жылғы «31» қаңтардағы № 10

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Терминдер мен қысқартулар	4
3-тарау. Саясаттың қолданылу саласы, мақсаттары мен қағидаттары	5
4-тарау. Сақтандыру қолдауын көрсету кезінде экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу	7
5-тарау. Мониторинг	8
6-тарау. Ақпаратты ашу	9
7-тарау. Қорытынды ережелер	9

1-тарау. Жалпы ережелер

1-3-тармақтар Қоғам Басқармасының 2024 жылғы 14 маусымдағы № 54 шешіміне сәйкес жазылған

1. Осы «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының экспорттаушыларға қолдау шараларын көрсету кезіндегі экологиялық және әлеуметтік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының экологиялық және әлеуметтік саясатына, Жарғыға және «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

2. Саясат Қоғамға сақтандыру қызметтері мен кепілдіктерді алу үшін жүгінетін қазақстандық экспорттаушылардың қызметіндегі экологиялық және әлеуметтік факторлардың Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасының талаптарына сәйкестігін есепке алудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды.

3. Қоғам қазақстандық экспорттаушыларға қолдау шараларын ұсыну саласындағы міндеттерді шеше отырып, мүмкіндігінше экспорттық бағытта қаралатын жобаларға тән экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқарудың озық халықаралық тәжірибелері мен тәсілдерін пайдалануға ұмтылады. Озық халықаралық тәжірибелер дегеніміз Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК), Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕКДБ), Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымына (ЭЫДҰ ЭКА) мүше елдердің экспорттық-кредиттік агенттіктері сияқты халықаралық ұйымдар мен даму институттары қызметінің стандарттары, оның ішінде: АҚШ Экспорт-импорт банкі (ЭКСИМ).

4. Саясат параметрлері онда айқындалған және сипатталған «Қарыздарды ерікті сақтандыру» және «Жобалық қаржыландыруды ерікті сақтандыру» Қоғамның сақтандыру өнімдерін пайдалана отырып қолдау көрсетілетін жобаларға қолданылады.

5. Осы Саясаттың ережелерін Қоғамның барлық қызметкерлері өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, ақпаратты және коммуникацияның басқа да түрлерін тарату кезінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қозғайтын бөлігінде сақтауға тиіс.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

6. Саясатта келесі негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) ESG-факторлары - экологиялық және әлеуметтік факторлар, сондай-ақ корпоративтік басқару факторлары (ESG-Environmental, Social, Governance), олар өз қызметінде компаниялар мен меншіктің барлық нысандарын сақтайды және институционалдық инвесторлар мен қаржыландырушы ұйымдарды өздерінің инвестициялық стратегиялары мен кредиттік саясаттарында ескереді;

2) Клиент - Қоғамның қолдауымен қазақстандық тауарлардың және/немесе жұмыстардың және/немесе қызметтердің экспортын жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлайтын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

3) Жоба - клиенттің экспортқа бағытталған өндірісін дамыту мақсатында Қоғамның қарызды ерікті сақтандыру/жобалық қаржыландыру қызметтерін ұсынуын білдіретін әлеуетті немесе жасалған мәміле;

4) ХҚК стандарттары - клиент ХҚК инвестициялық жобасының бүкіл өмірлік циклі бойында сақтауы тиіс экологиялық және әлеуметтік орнықтылықты қамтамасыз ету жөніндегі қызмет стандарттары. Қызмет стандарттары жоба шеңберіндегі тәуекелдер мен әсерлерді анықтау жөніндегі ұсынымдарды қамтиды, сондай-ақ клиенттерге тәуекелдер

мен қолайсыз әсерлерді болдырмауға, олардың салдарларын жұмсартуға және бизнесті орнықты дамыту мақсатында оларды басқаруға көмек көрсетуге арналған;

5) ЕҚДБ-ның жобаларды іске асыруға қойылатын талаптары - жобалар сәйкес келуге тиіс Жобаларды іске асыруға қойылатын нақты талаптардың жан-жақты тізбесі. ЕҚДБ өз клиенттерінен олар жүзеге асыратын жобаларға байланысты экологиялық және әлеуметтік мәселелерді осы жобалар негізделген уақыт кезеңі ішінде іске асыруға ЕҚДБ талаптарының ережелерін қанағаттандыратындай етіп реттеуді күтеді;

6) Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған жауапкершілік аймағында басқарушылық шешімдер қабылдауға уәкілетті қоғамның органы;

7) Орнықты даму - Қоғам өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму. Орнықты даму болашақ ұрпақты өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктеріне жауап беруге тиіс.

3-тарау. Саясаттың қолданылу саласы, мақсаттары мен қағидаттары

7-тармақ. Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес баяндалған.

7,8-тармақтар Қоғам Басқармасының 2024 жылғы 14 маусымдағы № 54 шешіміне сәйкес жазылған

7. Қоғам Қазақстан Республикасының экспортты дамыту және ілгерілету жөніндегі ұлттық даму институты бола отырып, өзінің негізгі мақсаты ретінде қазақстандық тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын ынталандыру, сондай-ақ тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру, экспорттық мәмілелерге кепілдік беру арқылы Қазақстан Республикасына және шетелге инвестициялар тартуды көздейді. Сонымен бірге, Орнықты даму қағидаттарына сүйене отырып, Қоғам өзінің негізгі мақсатымен қатар, қоршаған ортаны қорғауға және клиенттердің (жұмыс берушілер болып табылатын) өз қызметкерлерімен және өзге де мүдделі тараптармен олардың өндірістік қызметті жүзеге асыруы шеңберінде еңбек және әлеуметтік өзара қарым-қатынастарында тараптар мүдделерінің теңгерімін қолдауға жәрдемдесуді де маңызды мақсат ретінде айқындайды. Қоғам өз клиенттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қолдау шараларын көрсетеді.

8. Қоғам өз қызметінің сипатына қарай экологиялық жағдайға елеулі тікелей әсер етпейді. Сонымен бірге, қарыздарды сақтандыру және/немесе қайта сақтандыру/жобалық қаржыландыру жолымен клиенттерге қолдау көрсете отырып, Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерге жатқызылатын өнеркәсіптік өндірісті құру және дамыту процесін қаржыландыруға айтарлықтай ықпал ете алады. Осыған байланысты Саясатты қолдану саласы экспорттаушыларға қолдау шараларын көрсету бойынша өзара қарым-қатынасты анықтады.

9-тармақ. Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес жазылған.

9-тармақ. Қоғам Басқармасының 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 10 шешіміне сәйкес жазылған.

9. Жобалардың экологиялық және әлеуметтік маңыздылығын, яғни олардың жергілікті, өңірлік немесе республикалық ауқымдағы экологиялық және әлеуметтік жағдайға әсер ету дәрежесін айқындау бойынша ЭЫДҰ ЭКСИМ және ЭКА тәжірибесіне

сүйене отырып, Қоғам мынадай параметрлерге сәйкес келетін жобаларды Саясатты қолдану саласын айқындайды:

- қарыз/лизинг/жобалық қаржыландыру мақсаты-инвестициялық;
- Жоба бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі - 2 жылға тең немесе одан асады.

10. Қоғам сондай-ақ қолдау көрсетілетін экспорттаушылар қызметінің экологиялық және әлеуметтік аспектілерін (ESG-факторлар) сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығына әсер ететін тәуекел факторлары ретінде қарастырады. Осыған байланысты Қоғам өзінің негізгі қызметінде ESG-факторларды есепке алуды енгізуге және оларды олармен байланысты ықтимал сақтандыру тәуекелдерін барынша азайту үшін пайдалануға ұмтылады.

11. Клиенттердің Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасын сақтауы Жобаларды қарау кезінде Қоғамның базалық талабы болып табылады. Бұл ретте қоғам клиенттерді ХҚК стандарттарына және/немесе ЕҚДБ-ның жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарына сәйкес келетін шешімдер мен тәжірибелерді енгізу арқылы базалық талаптардың артықшылығына күш салуға ынталандыруға ұмтылады.

12. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының және экологиялық пен әлеуметтік жауапкершілік саласындағы үздік тәжірибелердің шеңберінде клиенттерді ақпараттандыру есебінен жобаларды іске асырғанға дейін немесе мүмкін болған жағдайларда оларды іске асырудың ерте сатысында теріс экологиялық және әлеуметтік әсерді болдырмау үшін клиенттердің уақтылы шаралар қабылдауына ықпал етуге ұмтылады.

13. Саясаттың мақсаттары:

1) Қазақстанда, сондай-ақ мүмкіндігінше өнім экспорты өңірлерінде қолдау көрсетілетін экспортқа бағдарланған өндірістердің қызметінен қоршаған ортаға теріс әсер етудің әлеуетті тәуекелдерін төмендету, әлеуметтік өзара қарым-қатынастар және міндеттемелер;

13-тармақтың 2) тармақшасы Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес жазылған.

2) Клиенттерді олардың экономикалық қызметінің оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерін арттыруға ықпал ететін тәжірибелерді қолдануға, оның ішінде ресурс тиімділікке, көміртекті менеджментке ынталандыру;

3) Қоғам қабылдайтын, экологиялық және клиенттердің бағдарланған өндірісінің экспортын құрайтын сақтандыру тәуекелдерін төмендету;

4) Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасын бұзатын кәсіпорындарға қолдау көрсетуге байланысты бедел тәуекелдерін төмендету.

14. Саясатты іске асыру кезінде Қоғам мынадай қағидаттарды ұстанады:

1) алдын алу қағидаты - қоршаған ортаны ластауды, табиғи ортаның тозуын, адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына экологиялық залал мен зиян келтіруді туындататын немесе туындатуы мүмкін кез келген қызметке қоршаған ортаға әсер ету көзінің өзінде аталған салдардың орын алуына жол бермеу бойынша барлық қажетті шаралар қамтамасыз етілген жағдайда ғана Қазақстан Республикасының осы экологиялық заңнамасында белгіленген шеңберде рұқсат етіледі;

2) орнықты даму қағидаты - табиғат пен оның ресурстары Қазақстан Республикасының байлығын құрайды және оларды пайдалану орнықты болуы тиіс. Мемлекет қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін табиғи ресурстарды теңгерімді және ұтымды басқаруды қамтамасыз етеді. Қоғам мемлекеттік қолдау көрсету туралы шешім қабылдаған кезде қолдау көрсетілетін өндіріске тән экологиялық және әлеуметтік факторларды назарға алады. Заңнамада қоршаған ортаға және әлеуметтік қатынастарға

рұқсат етілмейтін зиян келтіретін экономикалық қызметті Қоғам басқа оң факторларға қарамастан қабылдамайды;

3) экологиялық ақпаратқа қолжетімділік қағидаты – Қоғам экологиялық ақпаратқа қолжетімділікті Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шарттарда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде пайдаланады;

14-тармақтың 4) тармақшасы Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес жазылған.

4) әлеуметтік тәуекелдер мен әсерді басқару, жанжалдар мен қауіпсіздікті басқару, еңбек және өмір сүру құралдары саласында адам мен азаматтың құқықтарын шектеуге жол бермеу;

5) еңбек саласындағы кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу болып табылады;

14-тармақтың 6) тармақшасы Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес жазылған.

6) қауіпсіздік, денсаулық және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету болып табылады.

13-тармақ. Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес 7) және 8) тармақшалармен толықтырылған.

7) біз темекі және алкоголь өнімдерінің, байланыспаған асбест талшықтарының немесе байланысты асбест басым болатын басқа өнімдердің әсеріне, генетикалық инженерияға және қатыгез бейне ойындардың денсаулыққа әсері және оған байланысты қауіптерге баса назар аударамыз;

8) генетикалық түрлендірілген организмдерді, жүнді, пестицидтерді, хлорланған көмірсутектерді пайдалануға, жануарларға сынақ жүргізуге байланысты бизнестің және/немесе практиканың даулы секторларының тізбесін қосу.

15. Саясат мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғам мынаған құқылы:

1) Клиенттен, уәкілетті мемлекеттік органдардан, өзге де мүдделі тұлғалардан қажетті ақпаратты сұрату;

2) ашық көздерден, оның ішінде интернет-жарияланымдардан алынған ақпаратты пайдалану;

3) халықаралық ұйымдар ұсынған ақпаратты пайдалану;

4) экологиялық және еңбек заңнамасының, тиісті ұсынымдар мен талаптардың қадағалануын бағалауға байланысты мәселелер бойынша консультанттар, сарапшылар қызметтерін пайдалану;

5) сыртқы сарапшыларды қатыстыра отырып, объектіге шығуды жүзеге асыру (қажет болған кезде);

15-тармақ. Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес 6) тармақшамен толықтырылған.

6) клиенттерге ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізуді ұсыну, сондай-ақ өнім дизайнында, қаптамада, маркетингте және сату тәжірибесінде тұтынушылардың қауіпсіздік шараларын, оның ішінде өнімдерді кәмелетке толмағандарға сатудың алдын алу үшін көрсетуге міндетті.

4-тарау. Сақтандыру қолдауын көрсету кезінде экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу

16-тармақ. Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес жазылған.

16. Жобаларды қарау кезінде экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу және бағалау Клиенттерге қолдау көрсету және қарау процесін регламенттейтін Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі, келесі кезеңдерден тұрады:

1) клиенттің кәсіпорны кіретін экономика саласын зерттеу, оған тән экологиялық және әлеуметтік мәселелерді анықтау;

2) клиенттен өндірістің Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасының талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ осы салаларда қажетті рұқсат құжаттарының болуын растайтын ақпарат алу;

3) нақтылаулар, консультациялар жүргізу, Клиенттен алынған ақпаратты растау қажет болған кезде Қоғам қоршаған ортаны және еңбекті қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіне алады;

4) Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды Клиент қызметінің экологиялық және әлеуметтік факторлары туралы теріс ақпараттың болуы тұрғысынан, Қоғамның оның коммерциялық қызметіне қатысты пікірін зерделейді;

5) экологиялық және әлеуметтік факторлардың заңнама талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Қоғам осы фактілер туралы Клиентті хабардар етеді. Клиент анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша жұмыс жүргізуге және тиісті ақпаратты Қоғамның қарауына қайта ұсынуға құқылы;

6) экологиялық және әлеуметтік факторларға (заңнама талаптарына сәйкес келуі/сәйкес келмеуі) қатысты ақпарат қаралып отырған Жоба бойынша қорытындыға енгізіледі, ол сақтандыру туралы шешім қабылдау үшін Уәкілетті органның қарауына жіберіледі. Жоба Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Қоғам оны қолдаудан бас тартуға құқылы.

17-тармақ. Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 56 шешіміне сәйкес баяндалған.

17. Жоба Клиент өндірісінің жекелеген экологиялық және әлеуметтік факторлары (Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленген) «жасыл» жобалар жіктеуішіне (таксономиясына) және/немесе ХҚК стандарттарына және/немесе жобаларды іске асыруға ЕҚДБ талаптарына сәйкес келген жағдайда Қоғам үшін артықшылықты болып табылады. Бұл факт, басқа жағдайлар тең болған жағдайда, Қоғам сақтандыру туралы шешім қабылдауда артықшылық ретінде қарастырылуы мүмкін.

5-тарау. Мониторинг

18. Қолдау көрсетілген Жобалар бойынша Клиенттің кеңейтілген қаржылық мониторингін жүргізу барысында Қоғам өндірістің экологиялық және әлеуметтік факторларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін талдауды жүзеге асырады.

19. Мониторинг процесі Клиенттің Қоғамның сұрауы бойынша ұсынатын экологиялық және әлеуметтік саладағы қызмет көрсеткіштері туралы мерзімді есептерді тексеруді қамтуы мүмкін.

20. Экологиялық және еңбек заңнамасының қадағалануы туралы ақпарат уәкілетті органның қарауына жіберілетін кеңейтілген мониторинг жүргізу туралы қорытындыға енгізіледі.

6-тарау. Ақпаратты ашу

21. Саясат қалың жұртшылық үшін ашық болып табылады және Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады.

22. Саясат сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де мәліметтерді қоспағанда, жариялылық және ашықтық негізінде іске асырылады.

7-тарау. Қорытынды ережелер

23. Осы Саясат Уәкілетті орган бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

24. Қоғам тиісті бизнес-процестерді кейіннен әзірлеу, олардың орындалуына жауапты құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлерді айқындау жолымен саясатты іске асырады.

Келісу парағы

Жоба бойынша: Экспорттаушыларға сақтандыру қолдауын көрсету кезіндегі «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының экологиялық және әлеуметтік саясаты

Әзірлеуші: Сақтандыру департаменті

ІНҚ иесі: Сақтандыру департаменті

Лауазымның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы	Қол қойылған күні
Басқарма төрағасының орынбасары	Мукажанов Куаныш Амангельдиевич		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	Нурмухамбетов Серик Кайдарович		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Шабарбаева Лейла Галымжановна		
Комплаенс-қызметінің басшысы	Кабсаматов Куаныш Акаевич		
Тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру андеррайтингі департаментінің директоры	Куанбаев Эльдар Болатканович		
Бизнес-аналитика департаментінің директоры	Камбаров Тасболат Мырзабекович		
Кредиттік талдау департаментінің директоры	Молжигитов Асхат Рафикович		

Сақтандыру департаментінің директоры _____ А.С. Маженова

Орынд.: А.К. Сыздыкова (ішкі 130)

{{table_sign[:][1]}}

{{table_sign[:][2]}}

{{table_sign[:][3]}}